

Панфилов ауданында азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Жетісу облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 2 шілдедегі № 308 қаулысы
Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 18-бабының 2-тармағына, 139-бабының 9-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, Панфилов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Панфилов ауданында азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Панфилов ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Сағымбек

Панфилов ауданы әкімдігінің 2025
жылғы 02 шілдедегі № 308 қаулысына
қосымша

Панфилов ауданында азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

2) психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер.

2. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) ауылдық маңызы бар мемлекеттік қазыналық кәсіпорны басшысы (директоры);

2) музыкалық жетекші;

3) әдістемеші;

4) көркемдік жетекші;

5) режиссер;

6) дыбыс режиссері;

- 7)аккомпаниатор-концертмейстр;
- 8)суретші;
- 9)әртіс;
- 10)кітапханашы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК